Бекітемін
“ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке
балабақша меңгерушісі:
А.С.Зиеденова

Ата – аналар үшін кеңес

“ Балаға кітап әлемін таныстыру”

Педагог–психолог: Ж.Қ.Шамуратова

Тақырыбы: «Балаға кітап әлемін таныстыру»

Мақсаты: Балаларды кітап оқуға қызықтыру, ертегі оқу арқылы қиялын, шығармашылық қабілетін дамыту, көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Қатысушылар: ата-аналар, тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі, музыка жетекшісі

Жауаптылар: тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі, музыка жетекшісі

Қажетті құралдар: ертегі кітаптары, суретті кітаптар, кейіпкерлер суреттері, музыкалық сүйемелдеу, стикерлер, түрлі түсті қағаздар.

Тәрбиеші:

– Қайырлы күн, құрметті ата-аналар! Бүгінгі «Балаға кітап әлемін таныстыру» атты кеңес беру жұмысына қош келдіңіздер! Кітап – білімнің кілті, ақылдың бұлағы. Бүгін кітаптың бала өміріндегі орны туралы әңгімелесеміз.

«Сүйікті ертегі кейіпкері» ойыны

Тәрбиеші:

Ата-аналар өздерінің немесе балаларының сүйікті ертегі кейіпкерін атап, оның жақсы қасиеттерін айтады.

Мысалы:

- Алдар көсе – тапқыр;
- Мақта қыз – еңбекқор;
- Тазша бала – ақылды.

Қазақ тілі мұғалімі сөзі:

– Ертегі оқу баланың сөздік қорын байытады, сөйлеу тілін дамытады және ойлау қабілетін жетілдіреді. Баламен кітап оқығанда:

- мәтінді мәнерлеп оқу;
- кейіпкерлерді талдау;
- сұрақ қою;
- баланың ойын тыңдау маңызды.

Тәрбиеші сөзі:

– Баланың кітапқа қызығушылығын арттыру үшін:

- күн сайын ертегі оқу;
- суреттерді бірге қарау;
- кейіпкерлерді сомдау;
- кітап бұрышын ұйымдастыру қажет.

Музыка жетекшісі сөзі:

– Музыка мен ертегіні байланыстыру баланың қиялын дамытады. Ертегі кейіпкерлеріне сәйкес әуендер тыңдау, ән айту және музыкалық ойындар ұйымдастыру қызығушылықты арттырады.

«Ертегіні жалғастыр» ойыны

Тәрбиеші:

– «Ерте, ерте, ертеде...» деп бастап, ата-аналар кезекпен ертегіні жалғастырады.

Музыкалық сергіту сәті

Музыка жетекшісі:

Балалар мен ата-аналар ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын музыка әуенімен көрсетеді.

Кері байланыс:

Ата-аналар стикерге жазады:

- «Мен білдім...»
- «Мен үйрендім...»
- «Мен қолданамын...»

Қорытынды сөз:

– Кітап оқу – баланың ой-өрісін кеңейтетін, шығармашылығын дамытатын маңызды құрал.

Үй жағдайында педагогикалық-психологиялық кеңес беру
Хаттамасы №8

Тақырыбы: «Балаға кітап әлемін таныстыру»

Өткізу күні: 24.04.2026ж.

Қатысушылар: ата-аналар, тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі, музыка жетекшісі

Мақсаты: Ертегі оқу арқылы балалардың қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту және кітапқа қызығушылығын арттыру.

Күн тәртібі:

1. Баланың кітапқа қызығушылығын арттыру жолдары.
2. Ертегінің бала дамуындағы маңызы.
3. Музыкалық және шығармашылық жұмыстар.
4. Пікір алмасу.

Тыңдалды:

Тәрбиеші сөзі: К.С.Габдуллина

Балаларды кітап оқуға баулудың маңыздылығы туралы түсінік берді және кітап бұрышын ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар айтты.

Әдіскер сөзі: А.С.Зиеденова

Ертегі оқу арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту және сөздік қорын байыту жолдарын түсіндірді.

Музыка жетекшісі сөзі: Г.Бисенгалиқызы

Музыканың бала қиялы мен шығармашылық қабілетін дамытудағы рөлі туралы баяндады.

Қаулы:

1. Балаларға күнделікті ертегі оқу жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалсын.
3. Балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
4. Ата-аналарға кітап оқудың маңызы туралы кеңестер тұрақты түрде берілсін.

Әдіскер: А.С.Зиеденова

Тәрбиеші: К.С.Габдуллина

Музыка жетекшісі: Г.Бисенгалиқызы

Хатшы: А.К.Ахметова